

БЕКІТЕМІН
«Бірінші болу – батылдык» Корпоративтік қорының
Атқарушы директоры



/С.Н. Қазыбаева
«11» ақпан 2021 ж.

«Алматы марафоны» 2021
жүгіру жарысын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Іс-шараның 2021 жылдың 12 қыркүйегіне қалдырылғанына
байланысты ЕРЕЖЕ жаңартылды

Алматы қ.
2021 ж.

«Алматы марафоны» 2021 ресми ережелері

Өтетін күні: 12 қыркүйек 2021 ж.

1. ЖАРЫС МАҚСАТТАРЫ

Алматы марафоны – жыл сайынғы халықаралық жүгіру жарысы. Оның негізгі қашықтығының ұзақтығы – 42 км 195 м. Орталық Азиядағы ең ауқымды спорттық оқиға.

Өткізу мақсаты:

- жүгіру және скандинавиялық жүрісті насихаттау;
 - жүгірушілерді халықаралық марафон жарыстарына дайындау;
 - ерекше қажеттіліктері бар балалар арасында спортты қолдау және дамыту.
- Қайырымдылық мақсаттарды жүзеге асыру;
- зиянды әдеттерден бойды аулақ ұстау (шылым шегу);
 - салауатты ұлт қалыптастыру.

2. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ-ЖЕТЕКШІЛЕРІ

2.1. Жалпы жетекшілікті «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қоры жүзеге асырады.

2.2. Жарысты дайындау және өткізуді ұйымдастыру Ұйымдастыру комитеті – «Бірінші болу – батылдық» корпоративтік қорына жүктеледі (бұдан әрі – Ұйымкомитеті).

3. ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ ОРНЫ ЖӘНЕ УАҚЫТЫ

3.1. Жарыс күні және уақыты: 12 қыркүйек 2021 ж., сағат 06.00 бастап 15.00 дейін.

3.2. Сөре орны: Алматы қ., Республика алаңы

4. ҚАШЫҚТЫҚТАР ЖӘНЕ ЖАС САНАТТАРЫ

4.1. Жарыс бағдарламасына төмендегілер кіреді:

Марафон 42 км 195 м;

Экиден (командалық эстафета) 42 км 195 м;

Жартылай марафон 21 км;

Скандинавиялық жүріс 10 км;

10 км қашықтық.

4.2. Жас санаттары:

4.2.1. 42 км 195 м марафонының жас санаттары:

- 18-24 жас;
- 25-29 жас;
- 30-39 жас;
- 40-49 жас;
- 50-59 жас;
- 60 жастан үлкен.

4.2.2. 21 км 97,5 м жартылай марафонының жас санаттары:

- 18 жастан үлкен.

4.2.3. 10 км қашықтыққа жас санаттары:

- 15-17 жас;

- 18 жастан үлкен.

5. ЖАРЫС ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

5.1. Жүгіру жарыстарына қатысуға төмендегілерге рұқсат етіледі:

42 км 195 м **марафон** – 18 жастан бастап және одан үлкен қатысушылар;
21 км жартылай марафон – 18 жастан бастап және одан үлкен қатысушылар;
10 км қашықтық – 15 жастан бастап және одан үлкен қатысушылар;
10 км Скандинавиялық **жүріс** – 15 жастан бастап және одан үлкен қатысушылар;
42 км 195 м **Экиден** командалық **эстафетасы** – 16 жастан бастап және одан үлкен 6 адамнан тұратын команда.

5.2. Бір мезетте бірнеше қашықтыққа жүгіру жарысына қатысуға тыйым салынады.

5.3. Тіркеу кезінде жарыс өту кезіндегі толық жас саны есепке салынады.

5.4. Элиталық біліктілік. Elite – алдын ала расталған біліктілік уақыты бар әуесқой спортшыларға арналған жеке сөрелік кластер.

5.4.1. 42 км 195 м қашықтықта элиталық санаттағы спортшыларды тіркеу almaty-marathon.kz сайттында электрондық тіркеуден өткеннен кейін жүргізіледі.

5.4.2. Элиталық санатқа біліктілік алу үшін спортшы немесе оның ресми өкілі 30.06.2021 ж. дейін info@almaty-marathon.kz электронды мекен-жайға өтініш жіберуі керек және біліктілік уақытына сәйкес келетін нәтижелерді жіберу керек. Осындай қашықтыққа өтінім беру сәтіне дейін соңғы үш жыл ішінде өткен жарыстардың нәтижелері ескеріледі.

5.4.3. Жаттығуды мобильді қосымшаға жазу растау емес.

5.4.4. 42 км 195 м қашықтықта элиталық санатқа қосылуға үміткерлер үшін біліктілік уақыты:

- ерлер: марафонда 2:50:00 дейін;
- әйелдер: марафонда 3:50:00 дейін.

5.4.5. 21 км 97,5 м қашықтықта элиталық санатқа қосылуға үміткерлер үшін біліктілік уақыты:

- ерлер: марафонда 1:20:00 дейін;
- әйелдер: марафонда 1:45:00 дейін.

6. ЖАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ШЫҒЫНДАРЫ

6.1. Жарысты ұйымдастыру және өткізу шығындарына жауапкершілікті Ұйымкомитеті көтереді.

6.2. Жол, орналасу және тамақтану шығындарын жіберуші ұйымдар немесе қатысушылардың өздері көтереді.

7. ЭКИДЕН КОМАНДАЛЫҚ ЭСТАФЕТАСЫ

7.1. Экиден командалық эстафетасына 16 жастан асқан спортшылар қатыса алады. Команда 6 адамнан тұрады, олардың әрқайсысы өз жолын еңсереді. Жалпы, әр команда 42 км 195 м жүгіреді.

7.2. Екі немесе одан да көп командаларға қатысуға, сондай-ақ трассаның бірнеше учаскесін еңсеруге тыйым салынады.

7.3. Команда үшін қатысу құны – 150 000 тг.